

«JANASTAR» байқауының шарттары

Байқауға қатысып, фильмде рөл алу үшін, төменде көрсетілген талаптар орындалуы тиіс:

1. «ТikTok» әлеуметтік желісінің тіркелген қолданушысы болу (және/немесе қажетті мәліметтерді толтырып тіркелу). Байқау өткізілетін кезең бойынша Қатысушының парақшасы ашық болуы тиіс (көршілікке ашық).

2. Байқауға қатысу үшін сайтта берілген арнайы тапсырмалардың бірін таңдау. Қатысушы өзінің актерлік қабілетін көрсете отырып, таңдаған тапсырмасының талаптарына сай қысқа видео түсіруі тиіс (1 минуттан аспауы тиіс). Форматы – тапсырманың берілген талаптары шеңберінде еркін форматта.

3. «Grant» санаты бойынша қатысу үшін («Grant» санаты туралы ақпаратты мына [сілтеме](#) арқылы алуға болады) қатысушы «ТikTok» парақшасына #JANASTARFILM хэштегін жаза отырып видео жұмысты байқаудың басталу және аяқталу мерзіміне сәйкес салуы және барлық ұйымдастырушылар мен демеушілерді белгілеуі керек: @janastarfilm

3.1. Міндетті түрде байқау ұйымдастырушысының ТикТок аккаунты:@janastarfilm көрсетілуі тиіс.

4. Жобаның www.janastar.kz сайтына тіркелу және өзі жайында шынайы мәліметтер жазу. Байқаудың шарттарымен танысу. Жобаға қатысуға келісім бергендігін растау.

5. «Commerce» санаты бойынша қатысу үшін («Commerce» санаты туралы ақпаратты мына [сілтеме](#) арқылы алуға болады) www.janastar.kz сайтына видео жұмысты байқаудың басталу және аяқталу мерзіміне сәйкес салуы керек. Байқауға арналған видеоны Яндекс немесе Google дискке жүктеу. Ұйымдастырушыға осы видеоның сілтемесін беру. Міндетті модерациядан өту.

5.1. ТикТок сілтемесін ұсынуға рұқсат етіледі, егерде Байқау шарттарының 3-тармақтың және 3.1-тармақтың талаптары орындалған жағдайда.

6. Бір видеомен Байқауға тек бір рет қана қатысуға болады. Топтық видео Байқауға қатыстырылмайды.

6.1. Тыйым салынады:

6.1.1. Байқауға арналған видеода маска, сүзгі және видеода қолданылатын басқа да жапсырмаларды пайдалануға,

6.1.2. Ән фонограммасын қосып ойнауға болмайды.

7. Байқауға қатыстыралатын видеолар ҚР заңнамасына қайшы болмауы, ақыл мен әдепке сай болуы, өзге тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне кір келтірмеуі тиіс және байқаудың Ұйымдастырушылары мен Демеушілеріне қатысы жоқ жарнама сипатында болмауы керек.

8. Байқауға белгіленген тақырыпқа /Байқау тапсырмасына сай емес жұмыстар ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

9. Байқау шарттарына сай салынатын видеолар мен суреттерде:

9.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде ҚР Азаматтық кодексінің меншік құқығы, авторлық құқық, бейнелеу өнері туындыларын еркін пайдалану құқығы талаптарына қайшы болмауы тиіс, сондай-ақ бұрын басқа жерде жарияланбаған немесе өзге тұлғалар мен ұйымдарға қолдануға берілмеген болуы тиіс;

- 9.2 Сексуалды сипатта (шамадан тыс ашық) болмауы тиіс;
- 9.3 Порнография элементтері болмауы тиіс;
- 9.4 Зорлық, күштеу және вандализм сахналары болмауы тиіс;
- 9.5 Адамдардың арасындағы этникалық, ұлттық, діни және нәсілдік айырмашылықтарды қозғайтын тақырыптарды болмауы тиіс;
- 9.6 Зиянды өмір салтын, оның ішінде темекі шегуді, алкогольдік сусындар ішуді (сыра, коктейль секілді) дәріптемеуі, сонымен қатар есірткі мен басқа да психотропты заттарды, құмар ойындарын дәріптемеуі тиіс;
- 9.7 Саяси астары, конституциялық құрылысты және/немесе елдің тұтастығын бұзуға арналған үндеуі болмауы тиіс;

9.8 Төмендегі сипаттағы видео және суреттерді жүктеуге тыйым салынады:

- 9.8.1 зорлық-зомбылықты насихаттайтын теріс немесе жағымсыз мазмұндағы, бір азаматтың және азаматтардың жекелеген топтарының ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын, діни нанымдарына тиіскен және басқа да жолдармен Қазақстан Республикасының заңдарын бұзатын видеолар;
- 9.8.2 Жоба демеушілері мен серіктестерінің/Байқауға қатысушы тауарлар мен қызметтердің бейнелерінен бөлек, жарнама сипатында өзге бренд пен компаниялардың атауының немесе тауарлары мен материалдарының бейнесінің болуына тыйым салынады.

10. Қатысушы барлық фотоларын / видеоларын «Адал пайдалану» қағидаты негізінде қолдануға міндеттенеді. ([«Адал пайдалану» нені білдіреді?](#)) және/немесе байқауға қатысу, Қатысушының автоматты түрде оның әлеуметтік желілерде және байқау сайтындағы видеосында көрсетілген барлық тұлғалардан сурет / видео орналастыруға келісім алды дегенді білдіреді. Қатысушы #JANASTARFILM хэштегімен видео жариялау арқылы өзі орналастырған барлық материалдарға қатысты құқықтардың жеке өзіне тиесілі екенін растайды және осындай материалдарға қатысты авторлық құқық туралы шағымдар немесе даулар туындаған жағдайда, қатысушы осы дауды шешу жауапкершілігін және оған кеткен шығындарды өз мойнына алады, оған қоса бұл жұмыстың заңдылығы одан әрі нақтыланғанға дейін Ұйымдастырушының оны байқау тізімінен алып тастауға құқығы бар екенін мойындайды.

Байқау жеңімпаздары келесі жолмен анықталады:

- 1. Байқау аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде бірнеше адамнан тұратын Қазылар алқасы: байқау ұйымдастырушысының өкілі («W10 - Company» ЖШС), кинопродюсерлер, байқау демеушісінің өкілі, кино әлемінің «Жұлдыздары», БАҚ өкілдері, байқаудың демеушісі және т.б. байқау шартына сай ұсынылған жұмыстарға қойылған «Лүпілдер» мен «Жұлдыздарды» ашық санау арқылы, көрермендердің пікірінше ең қызықты, ерекше және креативті деп табылған «Grant» және «Commerce» санатының ең көп дауыс жинаған екі жеңімпазын анықтайды.
- 2. Байқауға қатысушылардың арасынан комиссия (қазылар алқасы), жарыстың осы маусымының соңында / біткен кезінде ең көп «Лүпіл» жинаған видеоны анықтап «Grant» санатындағы бір жеңімпазды табады («Лүпіл» - қатысушының байқау жұмысы астындағы «Лүпіл» белгісін басу арқылы видеоны көріп отырған адамның видеоны, материалды мақұлдауын білдіретін шартты белгі). Сонымен қатар, жарыстың осы маусымының соңында / біткен кезінде ең көп «Жұлдыздар» жинаған «Commerce» санатындағы екінші жеңімпазды табады («Жұлдыз» - қатысушының байқаудағы жұмысына «Жұлдыз» түймесін

басу және әр «Жұлдызды» сатып алу арқылы, видеоны көріп отырған адамның видеоны, материалды мақұлдауын білдіретін шартты белгі).

3. Егер «Лүпілдер» мен «Жұлдыздардың» саны арнайы қызметтер, бағдарламалар және т.б. арқылы арттырылып отырғаны анықталса, Ұйымдастырушы Қатысушыны Байқаудан шығарып жіберуге құқылы және бұл қатысушының байқаудағы жұмысы алынып тасталады.

4. Жеңімпаздардың тізімін байқау сайтына www.janastar.kz жариялау арқылы, @JANASTARFILM TikTok парақшасына орналастыру арқылы, сондай-ақ жеңімпаздарды тіркеу кезінде алынған байланыс мәліметтері немесе әлеуметтік желілер арқылы берілген байланыс ақпаратымен байланысу арқылы Байқау жеңімпаздары туралы хабар беріледі.

5. Байқаудың жалпы жеңімпаз саны – 2 (екі) Жеңімпаз.